

**Қазақстан Республикасы орталық атқарушы мемлекеттік органдарының,
Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін
Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Еуразиялық экономикалық
комиссиямен өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 279 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 қазандағы №
703 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2021 № 703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы орталық атқарушы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 5 мамырдағы
№ 279 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының орталық атқарушы мемлекеттік органдарының,
Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін
Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының Еуразиялық экономикалық
комиссиямен өзара іс-қимыл қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес (бұдан әрі – ЕАЭО туралы шарт) құрылған Еуразиялық экономикалық комиссиямен (бұдан әрі – Комиссия) өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік органдардың Комиссиямен өзара іс-қимылы ЕАЭО туралы шартқа, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Комиссияның жұмыс регламентіне (бұдан әрі – Комиссия регламенті), "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығына, осы Қағидаларға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Комиссиямен өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде өз қызметін мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырады:

- 1) Комиссияның қарауын талап ететін мәселелер бойынша Қазақстан тарапының ұстанымын қалыптастыру үшін ұсыныстарды дайындау және келісу;
- 2) Комиссия жанындағы консультативтік органдардың, жұмыс (сараптамалық) топтарының құрамына енгізу үшін уәкілетті өкілдерді айқындау;

3) ЕАЭО туралы шартқа сәйкес күшіне енбеген Комиссия шешімдерінің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар дайындау;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен (бұдан әрі – уәкілетті орган), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісу бойынша мүше мемлекеттер мен Комиссияның қатысуымен халықаралық іс-шаралар дайындау;

5) Комиссия шешімдерінің жобаларына қаржы-экономикалық негіздеме өткізу;

6) Комиссияның құзыретіне жататын өзге де мәселелер:

Комиссия шешімдерінің жобаларын мемлекетшілік келісуді қоса алғанда, осы шешімдердің жобалары бойынша Қазақстан тарапының ұстанымын қалыптастыру үшін ұсыныстар дайындау;

Қазақстан Республикасының тиісті үкіметтік және ведомствоаралық үйлестіру және кеңесші органдарының (бұдан әрі – кеңесші органдар) отырыстарында Комиссия шешімдерінің жобаларын қарау;

7) осы Қағидалардың 7, 8, 9, 10, 11-тармақтарында белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісілгеннен кейін, Комиссияның сұрау салулары бойынша ақпараттарды, статистикалық деректер мен өзге де материалдарды дипломатиялық арналар арқылы ұсыну;

8) Комиссия шешімдерінің жобаларын келісу;

9) консультациялар өткізу және Комиссия құзыретіне жататын мәселелер бойынша Комиссия департаменттерінің немесе Комиссия мүшелерінің басшылығымен өтетін кеңестерге және отырыстарға қатысу;

10) осы Қағидалардың 18, 19-тармақтарында белгіленген тәртіппен Комиссия қабылдаған шешімдерді мониторингтеу және талдау;

11) Комиссия отырыстарының материалдарына берілген мемлекеттік органның ресми ұстанымын уәкілетті органға жіберу;

12) ЕАЭО туралы шарт және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар шеңберінде өзара іс-қимылдың өзге де нысандары.

4. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын Комиссия шешімдерінің жобалары ЕАЭО туралы шартқа сәйкес реттеушілік ықпал етуді бағалау шеңберінде Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (бұдан әрі – ҰКП) келісілуге жатады.

5. Уәкілетті орган мемлекеттік органдардың Комиссиямен өзара іс-қимылы бойынша қызметін үйлестіруді, оның ішінде:

1) мүдделі мемлекеттік органдарға Комиссияның отырыстарына берілген материалдарды жіберу;

2) Комиссия отырыстары шеңберінде қарауды талап ететін мәселелер бойынша Қазақстан тарапының мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген ұстанымды қалыптастыру;

3) мемлекеттік органдардың Комиссия шешімдерінің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстарын келісу;

4) Комиссия жанындағы консультативтік органдар мен жұмыс (сараптамалық) топтарының құрамына енгізу үшін Комиссияға уәкілетті өкілдер туралы ұсыныстар жіберу;

5) Комиссия отырыстарының материалдарына берілген Қазақстан тарапының ұсыныстары мен ескертулерін жіберу;

6) мемлекеттік органдардың ресми ұсыныстарын және (немесе) сұрау салуларын, сондай-ақ Комиссияның сұрау салуларына берген жауаптарын Комиссияға жіберу жолымен жүзеге асырады.

6. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының жобаларына сараптама жүргізу тәртібін регламенттемейді.

2. Мемлекеттік органдар мен Комиссия арасындағы ақпарат алмасу тәртібі

7. Қазақстан Республикасының Үкіметіне келіп түскен Алқа төрағасының немесе Комиссия Алқасы мүшесінің қолы қойылған Комиссияның сұрау салуларын (бұдан әрі – Комиссияның сұрау салулары) ЕАЭО туралы шартқа 1-қосымшаның 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі басқару салаларына сәйкес мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ҰКП-ға келіп түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жолдайды.

Комиссияның сұрау салуларына берілген жауаптар түскен күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жіберіледі.

Мемлекеттік органның ресми ұсынысы және (немесе) сұрау салулары уәкілетті органға жіберіледі.

Уәкілетті орган Комиссияға жіберілетін мемлекеттік органның ресми ұсынысын және (немесе) сұрау салуларын, сондай-ақ Комиссияның сұрау салуларына берілген жауаптарды өз құзыреті шегінде халықаралық шарттарға және Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) құқығын құрайтын актілерге, Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды және келіскен жағдайда мемлекеттік орган хатының түпнұсқасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жібереді.

Мемлекеттік органның жолданатын ұсынысы және (немесе) сұрау салулары, сондай-ақ Комиссияның сұрау салуларына берілген жауаптар сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган халықаралық шарттарға және ЕАЭО құқығын құрайтын

актілерге, Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделеріне сәйкессіздігін көрсете отырып, мемлекеттік орган хатының түпнұсқасы түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тиісті ескертулерді мемлекеттік органға пысықтау үшін жіберілуін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік орган уәкілетті органнан келіп түскеннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде пысықтау қорытындылары бойынша уәкілетті орган берген ескертулермен келіскен жағдайда мемлекеттік орган ресми ұсынысты және (немесе) сұрау салуды, сондай-ақ Комиссияның сұрау салуларына берілген жауаптарды уәкілетті органға қайталап енгізеді. Мемлекеттік орган уәкілетті орган берген ескертулермен келіспеген жағдайда мемлекеттік орган бұл мәселені осы Қағидалардың 28-тармағында белгіленген тәртіппен қарауды қамтамасыз етеді.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі уәкілетті органнан тиісті ресми ұсынысты және (немесе) сұрау салуды Комиссия мекенжайына қайта жіберу туралы ұсынысы бар ілеспе хаттың түпнұсқасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оның Комиссияға дипломатиялық арналар бойынша жіберілуін қамтамасыз етеді.

9. Мемлекеттік орган Комиссияның сұрау салуын алған кезде, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, бұл ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияға немесе өзге де қорғалатын құпияға жатқызылған мәліметтерді қамтымаған жағдайда, сұратылған ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Келісілген қазақстандық ұстанымды әзірлеу кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда одан әрі қарау үшін Комиссияның сұрау салуларына жауап беретін мемлекеттік орган Комиссияны Қазақстан тарапының ұстанымын белгіленген мерзімде жолдау мүмкін еместігі туралы ресми хабардар етуді жүзеге асырады, сондай-ақ Комиссияның сұрау салуларын алған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен аспайтын ұстаным дайындау мерзімі туралы Комиссияны хабар етеді.

Комиссияны Қазақстан тарапының ұстанымын белгіленген мерзімде жіберудің мүмкін еместігі туралы ресми түрде хабардар ету уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылады. Уәкілетті орган мемлекеттік органнан тиісті сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес Комиссияға одан әрі жіберу үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жібереді.

10. Ұсынылатын ақпараттың мазмұны мен көлемін мемлекеттік орган өз құзыреті шегінде айқындайды.

11. Мемлекеттік органның ресми ұсынысы және (немесе) сұрау салулары, сондай-ақ Комиссияның сұрау салуларына берілген жауаптар Комиссияға ЕАЭО органдарының жұмыс тілінде жіберіледі.

3. Уәкілетті органның мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібі

12. Мемлекеттік органдар уәкілетті органмен өзара іс-қимыл бойынша мемлекеттік орган басшысының орынбасары деңгейінен төмен емес жауапты лауазымды тұлғаны айқындайды, сондай-ақ уәкілетті органға ЕАЭО жұмыс істеуі мәселелері бойынша уәкілетті органмен жедел хат алмасу үшін мемлекеттік органның ресми электрондық мекенжайы мен басқа да байланыс ақпаратын ұсынады.

13. Комиссия Алқасы отырыстарының күн тәртібі және оған қоса берілетін материалдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне түскен консультативтік комитеттер, жұмыс (сараптамалық) топтары отырыстарының материалдарын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі басқару салаларына сәйкес мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ҰКП-ға түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жолдайды.

14. Мемлекеттік орган өз құзыреті шегінде:

1) Комиссия Алқасы отырыстарының күн тәртібін, оған қоса берілетін материалдарды қарайды және олар түскен күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның ресми ұстанымын уәкілетті органға жібереді.

Мемлекеттік органның ресми ұстанымы мемлекеттік органның ескертулерін (ұсыныстарын), Комиссия шешімін іске асырудан Қазақстан Республикасы үшін экономикалық әсердің сипаттамасы бар Комиссия шешімдерінің жобаларына қаржы-экономикалық негіздемені, шешімдерді іске асырудың Қазақстан Республикасы бюджетінің кірістері мен шығыстарына әсерін бағалауды, Комиссия шешімдерінің жобасын қабылдаудың, іске асырудың өзге де салдарын бағалауды (заңды және жеке тұлғаларға қатысты), сондай-ақ қорытындылар мен күтілетін нәтижелерді қамтуы тиіс.

Қаржы-экономикалық негіздеме жүргізілген қаржы, экономикалық және (немесе) статистикалық талдауға негізделуі тиіс.

Қаржы-экономикалық негіздемелерді дайындаған кезде Қазақстан Республикасы үшін, оның ішінде экономиканың жекелеген салалары үшін Комиссия ұсынған шешімнің жобасынан болатын оң және теріс әсерлердің болуын ескеру қажет.

Бюджет кірістері мен шығыстарының жекелеген санаттарының есептерін жүзеге асыру үшін толық деректер болмаған жағдайда қаржы-экономикалық

негіздемеде болжанған өзгерістерді салыстырмалы бағалауды, мерзімдерін айқындауды және Комиссия шешімінің жобасы іске асыру үшін бағытталған оқиғалардың болу мүмкіндіктерін келтіруге рұқсат етіледі.

Ресми ұстанымды белгіленген мерзімде жіберуге кедергі келтіретін жағдаяттар болған кезде мемлекеттік орган белгіленген мерзім өткенге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органды олардың жіберілуінің кейінге қалдырылуы туралы не оны уақтылы қарауға кедергі болып отырған себептерді көрсете отырып, Комиссия Алқасының отырысы күн тәртібінің тиісті мәселесін қарауды ауыстыру қажет екені туралы хабардар етеді.

Уәкілетті орган Комиссия Алқасының отырысы күніне дейін 6 (алты) күннен кеш түскен мемлекеттік органның Комиссия Алқасы отырысының күн тәртібі бойынша ресми ұстанымын ескермеуге құқылы;

2) Комиссия Алқасының жанындағы консультативтік органдар, жұмыс (сараптамалық) топтары отырыстарының материалдарын қарайды және олар түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, ресми ұстанымды осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы кейіннен Комиссияға жіберу үшін уәкілетті органға жолдайды.

15. Уәкілетті орган мемлекеттік орган берген ұстанымды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комиссия Алқасы отырысының күн тәртібі бойынша қорытынды ұстанымды қалыптастыру және оны Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасы Өкілінің келісімімен осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес Комиссияға одан әрі жіберу үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жіберу мақсатында мемлекеттік органның қосымша пысықталған ұстанымды сұратуға құқылы.

16. Уәкілетті органның атына жолданған, мемлекеттік органның жауапты лауазымды тұлғасы қол қойған Комиссия Алқасы, консультативтік органдар, Комиссия жанындағы жұмыс (сараптамалық) топтары отырыстарының материалдарына ескертулер мен ұсыныстар тиісті мемлекеттік органның ресми ұстанымы болып табылады.

17. Қазақстан Республикасының экономика салалары бөлінісіндегі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне Комиссия қабылдаған шешімдердің әсері мен ықпалын бағалау мақсатында Комиссияның осы актілерін іске асырудағы ықтимал тәуекелдер мен перспективаларды көрсете отырып, мүдделі мемлекеттік органдар құзыреті шегінде Комиссияның қабылданған шешімдеріне мониторинг және талдау жүргізуді тұрақты түрде қамтамасыз етеді.

18. Мемлекеттік органдар жартыжылдық негізде, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне дейінгі мерзімде Комиссияның шешімдерін талдау және

мониторингтеу нәтижелерін экономика салаларының бөлінісінде уәкілетті органға жолдайды.

Мемлекеттік органдардың Комиссия шешімдерін талдауы мен мониторингтеу нәтижелерінде:

1) осы актілердің орындалу барысы (Комиссияның осы актілерін іске асырудағы ықтимал тәуекелдер мен перспективаларды көрсете отырып, Қазақстан Республикасының экономика салалары бөлінісіндегі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге әсері);

2) ұлттық заңнаманы сәйкестікке келтіру бойынша жұмыстарды жүргізу;

3) қажет болған жағдайда Комиссияның осы шешімдерін және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасын одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар көрсетіледі.

19. Егер талдау және мониторингтеу барысында Комиссияның қабылданған шешімінің экономиканың жекелеген салалары бөлінісінде экономикалық ахуалға теріс әсер ететіні немесе перспективада әсер етуі мүмкін екені анықталса, мүдделі мемлекеттік орган осы Қағидалардың 20, 21, 22, 23, 24, 25-тармақтарында көзделген тәртіппен осындай актіні жою немесе өзгерту туралы ұсыныс дайындайды.

4. Комиссия Алқасының шешімдерін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстарды дайындау және енгізу тәртібі

20. Егер мемлекеттік органның пікірі бойынша Комиссия Алқасының күшіне енбеген шешімін жою немесе өзгерту туралы шешім қабылдау қажет болған жағдайда мүдделі мемлекеттік орган ЕАЭО туралы шартқа 1-қосымшаның 30-тармағына сәйкес мұндай шешімді жою немесе өзгерту туралы ұсыныс (бұдан әрі – Комиссия Алқасының шешімін жою немесе өзгерту туралы ұсыныс) дайындайды.

Комиссия Алқасының шешімін жою немесе өзгерту туралы ұсыныс осы шешімді іске асыру нәтижесінде ықтимал залалдың дәрежесін бағалауды қоса алғанда, осындай ұстанымның негіздемесін, сондай-ақ өзгерістер жобасын не Комиссия Алқасының қабылданған шешімін жою туралы шешім жобасын қамтиды.

21. Комиссия Алқасының шешімін жою немесе өзгерту туралы ұсынысты оны дайындаған мемлекеттік орган Комиссия Алқасының тиісті шешімі жарияланған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде, ал таратылуы шектеулі құжаттарға жататын, Алқа қабылдаған Комиссия шешіміне қатысты оны қабылдаған күннен бастап, бірақ күшіне енген күніне дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей, уәкілетті органға, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне және

кажет болған жағдайда басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға қарау үшін жолдайды.

22. Осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар Комиссия Алқасының шешімін жою немесе өзгерту туралы ұсынысты алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы ұсынысты дайындаған мемлекеттік органға өз ұстанымын жолдайды.

23. Егер осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні өткен соң Комиссия Алқасының шешімін жою немесе өзгерту туралы ұсыныс дайындаған мемлекеттік органға уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың ұстанымы түспеген жағдайда бұл ұсыныс келісілген деп саналады.

24. Комиссияның шешімін жою немесе өзгерту туралы ұсыныс барлық мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген жағдайда осы ұсынысты дайындаған мемлекеттік орган 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы мәселе бойынша материалдар жиынтығын (Комиссия шешімінің жобасын, негіздемелері бар анықтамалық материалдарды), сондай-ақ Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасы Өкілінің Комиссия Алқасына тиісті өтінішінің жобасын уәкілетті органға жолдайды.

Уәкілетті орган осы тармақта көрсетілген тиісті материалдар жиынтығын алған кезде Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының Өкіліне Комиссия Алқасының шешімін жою немесе өзгерту рәсімін бастау туралы қабылданған шешім жөнінде ұсыныс енгізеді.

Егер Комиссия Алқасы шешімінің күшіне ену мерзімі ЕАЭО туралы шартқа 1-қосымшаның 16-тармағының бірінші абзацында белгіленген мерзімнен аз болса, осы Қағидалардың 20, 21, 22, 23, 24-тармақтарында көзделген барлық іс-әрекеттер барынша қысқа мерзімде орындалады.

Комиссия Алқасының шешімдерін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар бойынша келісетін мемлекеттік органда наразылықтар болған жағдайда қатынастар осы Қағидалардың 28-тармағына сәйкес реттеледі.

25. Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының Өкілі Комиссия Алқасының шешімін жою немесе өзгерту рәсімін бастау туралы шешім қабылдаған жағдайда, ол Комиссия Алқасына ЕАЭО туралы шартқа 1-қосымшаға сәйкес тиісті ұсынысты енгізеді.

5. Комиссия отырыстарында қарау үшін Қазақстан тарапының бастамашыл ұсыныстарын дайындау тәртібі

26. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде өз бастамасы бойынша және (немесе) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы

Үкіметінің, Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасы Өкілінің тапсырмаларына сәйкес Комиссия отырысында қарау үшін Комиссия регламентіне сәйкес бастамашыл ұсыныс дайындауды жүзеге асырады.

27. Ұсынысты дайындаған мемлекеттік орган Комиссияның жұмыс регламентіне сәйкес құжаттар жиынтығын қоса отырып, ресми ұстанымды жолдау арқылы оны мүдделі мемлекеттік органдармен келісуді қамтамасыз етеді.

Ұсынысты келісу мерзімі мүдделі мемлекеттік органдарға тиісті ұсыныс келіп түскен күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен аспайды.

Уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі міндетті келісуші мемлекеттік органдар болып табылады.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ЕАЭО институционалдық негізін және халықаралық қызметін қозғайтын мәселелерді келіседі.

Барлық мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген жағдайда ұсынысты дайындаған мемлекеттік орган одан әрі Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші органның (бұдан әрі – консультативтік-кеңесші орган) отырысына шығару үшін уәкілетті органға жіберуді қамтамасыз етеді.

Ұсынысты дайындаған мемлекеттік орган уәкілетті органға енгізетін ұсыныстың, құжаттар жиынтығы мен өзге де материалдардың әрбір парағына ұсынысты әзірлеуші мемлекеттік органның жауапты лауазымды тұлғасы мен ЕАЭО-ның жұмыс істеуі мәселелері бойынша уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасауды жүргізетін келісуші мемлекеттік органның тұлғасы қол қоюлары тиіс.

28. Қарсылықтар болған жағдайда ұсыныстарға келісуші мемлекеттік органның бланкісінде ресімделетін ескертулермен қоса бұрыштама қойылады, оған жауапты лауазымды тұлға қол қояды және келісілетін ұсынысқа (оның көшірмелеріне) қоса ұсынылады.

Ұсыныстар бойынша келіспеушіліктер болған кезде ұсыныс дайындаған мемлекеттік органның жауапты лауазымды тұлғасы не заңнамада белгіленген тәртіппен оны алмастыратын адам хаттамамен ресімделетін өзара қолайлы шешім іздеу мақсатында оны келісуші мемлекеттік органдардың жауапты лауазымды тұлғаларымен талқылауды қамтамасыз етеді.

Талқылаудың қорытындысы бойынша келіспеушіліктер жөнінде өзара қолайлы шешім әзірлеу мүмкін болмаған жағдайда әзірлеуші мемлекеттік орган келісу кеңесінің хаттамасымен бірге келіспеушіліктері бар ұсынысты одан әрі Консультативтік-кеңесші органның отырысына шығару үшін уәкілетті органға жібереді.

Уәкілетті орган мемлекеттік органның дайындалған ұсынысын Консультативтік-кеңесші органның отырысында қарауға шығарады.

29. Мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген және Консультативтік-кеңесші органның отырысында мақұлданған ұсынысты дайындаған мемлекеттік орган оны осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы кейіннен Комиссияға жіберу үшін уәкілетті органға жолдайды.

30. Уәкілетті орган ұсынысты дайындаған мемлекеттік органды және Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының Өкілін ұсынысты Комиссияда қарау қорытындысы туралы хабардар етеді.

6. Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасы өкілінің қызметін қамтамасыз ету тәртібі

31. Комиссия Кеңесі отырысы күн тәртібінің жобасы және оған қоса берілетін , Комиссия регламентінің 16-тармағына сәйкес Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының Өкіліне келісуге түскен материалдарды Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі уәкілетті органға, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігіне, сондай-ақ олардың басқару салаларына сәйкес өзге мемлекеттік органдарға және ҰКП-ға түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарау және ұсыныстар дайындау үшін жібереді.

32. Мемлекеттік орган Комиссия Кеңесі отырысының күн тәртібінің жобасы және оған қоса берілген материалдар түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті мәселе бойынша Қазақстан тарапының жалпы ұстанымын қалыптастыру үшін мемлекеттік органның ресми ұстанымын әзірлеуді, сондай-ақ қажет болған жағдайда Консультативтік-кеңесші органның отырысында қарауды жүзеге асырады.

33. Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының Өкіліне келіп түскен Комиссия Кеңесі отырысының бекітілген күн тәртібі мен оған қоса берілетін материалдар Комиссия регламентінің 21-тармағына сәйкес Қазақстан тарапының ұстанымын қалыптастыру үшін қарауға, ұсыныстар дайындауға және оны келісуге осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес тәртіппен жіберіледі.

Мемлекеттік орган Қазақстан тарапының жалпы ұстанымын қалыптастыру үшін осы Қағидаларға сәйкес уәкілетті органға Комиссия Кеңесінің отырысы өтетін күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ресми ұстанымды дайындауды, келісуді, сондай-ақ жіберуді қамтамасыз етеді.

Көрсетілген мерзімді Консультативтік-кеңесші органның отырысында қараудың қорытындысы бойынша Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының Өкілі қысқартуы мүмкін.

34. Уәкілетті орган мемлекеттік органдардың ресми ұстанымдарын жинақтайды және Комиссия Кеңесі отырысының материалдары бойынша Қазақстан тарапының қорытынды ұстанымын қалыптастыру үшін Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының Өкілі төрағалық ететін Консультативтік-кеңесші органның отырыстарында қаралуын қамтамасыз етеді.

35. Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасы Өкілінің ЕАЭО туралы шартқа 1-қосымшаның 26-тармағына сәйкес мәселені Комиссия Кеңесі отырысының күн тәртібіне қосу туралы ұсынысын, оның ішінде қажетті материалдарды дайындау осы Қағидалардың 26, 27, 28, 29, 30-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

36. Мүдделі мемлекеттік органдар мемлекеттік орган басшысының орынбасары деңгейінен төмен емес өз өкілдерінің Комиссия Кеңесінің отырысына қатысуын қамтамасыз етеді.

Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының Өкілімен келісу бойынша кандидатура төмен тұрған деңгейде ұсынылуы мүмкін.

7. Комиссия Алқасы жанындағы консультативтік органдардың құрамына енгізу үшін уәкілетті өкілдерді айқындау тәртібі

37. Қазақстан Республикасының Үкіметіне келіп түскен, Комиссия Алқасы жанындағы консультативтік органды қалыптастыру үшін уәкілетті өкілдердің кандидатураларын ұсыну туралы Комиссия Алқасының өтініштерін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі олардың басқару салаларына сәйкес мемлекеттік органдарға, сондай-ақ уәкілетті органға жібереді.

Басқару саласына Комиссия Алқасы жанындағы консультативтік органның құзыретіне кіретін мәселелер жататын мемлекеттік органдар көрсетілген өтініштерді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өздерінің уәкілетті өкілдерін Комиссия Алқасы жанындағы консультативтік органның құрамына енгізу туралы ұсынысын уәкілетті органға жібереді.

38. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органында құрылымдық бөлімшенің басшысынан не оның орынбасарынан төмен емес лауазымдағы тұлғалар консультативтік органдағы уәкілетті өкілдер бола алады.

Мемлекеттік орган Комиссия Алқасы жанындағы консультативтік органның құрамына бизнес-қоғамдастықтың, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың өкілдерін, Комиссия Алқасы жанындағы консультативтік органның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті біліктілігі бар өзге де тәуелсіз сарапшыларды енгізу туралы ұсынысты да жолдай алады.

39. Консультативтік органның құрамына Қазақстан Республикасының өкілдерін енгізу туралы берілген ұсыныстардың негізінде уәкілетті орган соңғы ұсынысты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде консультативтік органдағы мүдделі мемлекеттік органдардың уәкілетті өкілдерінің құрамын қалыптастырып, осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес кейіннен Комиссияға жіберу үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жолдайды.

8. Өнеркәсіптік субсидиялар туралы хабарламалардың нысандары бойынша Комиссияны хабардар ету мақсатында мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл тәртібі

40. ЕАЭО туралы шартқа 28-қосымшаның Өнеркәсіптік субсидияларды ұсынудың бірыңғай қағидалары туралы хаттамасының IX бөліміне сәйкес уәкілетті орган ЕАЭО мүше мемлекеттерге (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) және Комиссияға:

1) жыл сайын, 1 желтоқсаннан кешіктірмей республикалық және жергілікті деңгейде кезекті жылы ұсыну жоспарланған барлық субсидиялар туралы;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30 күнінен кешіктірмей республикалық және жергілікті деңгейде есепті тоқсанда ұсынылған субсидиялар туралы;

3) жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей республикалық және жергілікті деңгейде есепті жылы ұсынылған субсидиялар туралы хабарлайды.

41. Осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген мемлекеттік органдар мен ұйымдар осы Қағидаларға 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13-қосымшаларға сәйкес өнеркәсіптік субсидиялар туралы хабарламалардың нысанын толтырады және олардың уәкілетті органға уақтылы:

1) жыл сайын, 1 қазаннан кешіктірмей республикалық және жергілікті деңгейде кезекті жылы ұсыну жоспарланған барлық субсидиялар туралы хабарламаның;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей республикалық және жергілікті деңгейде есепті тоқсанда ұсынылған субсидиялар туралы хабарламаның;

3) жыл сайын, есепті жылдан кейінгі 1 мамырдан кешіктірмей республикалық және жергілікті деңгейде есепті жылы ұсынылған субсидиялар туралы хабарламаның ұсынылуын қамтамасыз етеді.

42. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне республикалық және жергілікті деңгейлерде кезекті жылы ұсыну жоспарланған ақшалай қаражат көлемі туралы сұрау салу жолдайды.

43. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі уәкілетті органға республикалық және жергілікті деңгейлерде кезекті жылы ұсыну жоспарланған ақшалай қаражат туралы ақпаратты осы Қағидалардың 41-тармағының 1) тармақшасында көзделген мерзімдерде жолдайды.

44. Уәкілетті орган есепті және жоспарланған кезеңдердегі өнеркәсіптік субсидиялар туралы хабарламаны Консультативтік-кеңесші органның отырысына қарауға шығарады және келісілген хабарламаларды мүше мемлекеттерге және Комиссияға осы Қағидалардың 40-тармағында көрсетілген мерзімде жолдайды.

Қазақстан Республикасының орталық
атқарушы мемлекеттік органдарының,
Қазақстан Республикасының
Президентіне
тікелей бағынатын және есеп беретін
Қазақстан Республикасының мемлекеттік
органдарының Еуразиялық
экономикалық
комиссиямен өзара іс-қимыл
қағидаларына
1-қосымша

Уәкілетті органға өнеркәсіптік субсидиялар туралы хабарлама ұсынатын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі;
2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;
3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО);
4. "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ);
5. "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "Даму" КДҚ" АҚ).

Қазақстан Республикасының орталық
атқарушы мемлекеттік органдарының,
Қазақстан Республикасының
Президентіне
тікелей бағынатын және есеп беретін
Қазақстан Республикасының мемлекеттік
органдарының Еуразиялық
экономикалық
комиссиямен өзара іс-қимыл
қағидаларына
2-қосымша

1-кесте * – "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы: бірінші бағыт

Жобаның атауы/қарыз алушы**

20__ жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса
алғанға дейін

	көлемі (мың теңге)
"Даму" КДҚ" АҚ кепілдігін төлеу	
Кәсіпкерлердің жобалары бойынша мемлекеттік гранттарды төлеу	

Ескертпе:

* - ЖАО хабарламалар нысанын осы кестеге сәйкес толтырады;

** - өнеркәсіптік қолдау шаралары туралы ақпаратты ЭҚЖЖ кодтары 05-бөлімнен басталып 33-бөліммен аяқталатын (ЭҚЖЖ бөлімдері 05-33) салалардың ғана қаржыландыру көлемін көрсете отырып ұсыну керек.

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы мемлекеттік органдарының,
Қазақстан Республикасының Президентіне
тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл қағидаларына
3-қосымша

2-кесте * – "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы: екінші бағыт

Жобаның атауы/қарыз алушы**	20__жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін
	көлемі (мың теңге)
"Даму" КДҚ" АҚ кепілдігін төлеу	
Кәсіпкерлердің жобалары бойынша мемлекеттік гранттарды төлеу	

Ескертпе:

* - ЖАО хабарламалар нысанын осы кестеге сәйкес толтырады;

** - өнеркәсіптік қолдау шаралары туралы ақпаратты ЭҚЖЖ кодтары 05-бөлімнен басталып 33-бөліммен аяқталатын (ЭҚЖЖ бөлімдері 05-33) салалардың ғана қаржыландыру көлемін көрсете отырып ұсыну керек.

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы мемлекеттік органдарының,
Қазақстан Республикасының Президентіне
тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл қағидаларына
4-қосымша

3-кесте * – "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай бағдарламасы

Жобаның атауы/қарыз алушы**	20__ жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін жалпы көлемі (мың теңге)
Кәсіпкерлердің жобалары бойынша екінші деңгейдегі банктерге "Даму" ҚДҚ" АҚ-ның субсидиялар төлеуі (бірінші бағыт)	
Бағдарламаның екінші бағыты шеңберінде кәсіпкерлердің жобалары бойынша екінші деңгейдегі банктерге "Даму" ҚДҚ" АҚ-ның субсидиялар төлеуі	
Үшінші бағыт: кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету	
Сауықтыру және кәсіпкерлік әлеуетті күшейту үшін кәсіпкерлердің жобалары бойынша екінші деңгейдегі банктерге "Даму" ҚДҚ" АҚ-ның субсидиялар төлеуі (төртінші бағыт)	

Ескертпе:

- * - "Даму" ҚДҚ" АҚ хабарламалар нысанын осы кестеге сәйкес толтырады;
- ** - өнеркәсіптік қолдау шаралары туралы ақпаратты ЭҚЖЖ кодтары 05-бөлімнен басталып 33-бөліммен аяқталатын (ЭҚЖЖ бөлімдері 05-33) салалардың ғана қаржыландыру көлемін көрсете отырып ұсыну керек.

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл қағидаларына 5-қосымша

4-кесте * – "Даму" ҚДҚ" АҚ бағдарламалары

Бағдарламаның атауы**	20__ жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін		
	қ а р ж ы ұйымдарында орналастырылған қаржы қаражаты, мың теңге	Қаржы ұйымдары қарыз алушыға жіберген қаржы қаражаты	оның ішінде қ о р қаражаты , мың теңге
1	2	3	4
Кейіннен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру үшін қаражатты екінші			

деңгейдегі банктерде негізді түрде орналастыру бағдарламалары (1, 2, 3 -транштар)			
"Даму-Өңірлер" бағдарламасы (ЖАО-мен қоса қаржыландыру бағдарламасы)			
Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыспен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға арналған "Даму-Өндіріс" бағдарламасы			
Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыспен айналысатын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін екінші деңгейдегі банктер мен Лизингтік компаниялар арқылы қаржыландыру бағдарламасы			
Кейіннен әйелдер кәсіпкерлігіне микрокредит беру үшін қаражатты екінші деңгейдегі банктерде негізді түрде орналастыру бағдарламасы			
Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру бағдарламасы			
Азия Даму Банкінің қарызы есебінен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру бағдарламасы (1-2-транш)			
Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру бағдарламасы			
Кейіннен Жаңаөзен қаласының жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру үшін қаражатты екінші деңгейдегі банктерде және өзге де қаржы ұйымдарында негізді түрде орналастыру бағдарламасы			
"Даму өңірлер III" шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өңірлік басым жобаларын қаржыландыру бағдарламасы			
Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыспен айналысатын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасы (Ұлттық қордың 1, 2, 3 – транштары)			

Ескертпе:

- * - "Даму" КДҚ" АҚ хабарламалар нысанын осы кестеге сәйкес толтырады;
- ** - өнеркәсіптік қолдау шаралары туралы ақпаратты ЭҚЖЖ кодтары 10-бөлімнен басталып 33-бөліммен аяқталатын (ЭҚЖЖ бөлімдері 10-33) салалардың ғана қаржыландыру көлемін көрсете отырып ұсыну керек;
- 4 - кестенің мәні – бюджеттік сипаттағы (мысалы, Ұлттық қор, республикалық бюджет, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының қаражаты және тағы басқалар) және есепті кезеңде өнеркәсіп салаларын қаржыландыруға бағытталған ақша қаражатының көлемін көрсету.

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы мемлекеттік органдарының,
Қазақстан Республикасының

Президентіне
тікелей бағынатын және есеп беретін
Қазақстан Республикасының мемлекеттік
органдарының Еуразиялық
экономикалық
комиссиямен өзара іс-қимыл
қағидаларына
6-қосымша

5-кесте * – Салықтық жеңілдіктер

Бағдарламаның атауы	20__ жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде жеңілдіктер көлемі, мың теңге
Инвестициялық жобалар шеңберінде импортқа ҚҚС салудан босату (2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 283-бабы)	
Инвестициялық басым жобалар шеңберіндегі салықтар бойынша преференциялар (2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 290-бабы)	
Инвестициялық стратегиялық жобалар шеңберіндегі салықтар бойынша преференциялар (2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 290-бабы)	
"Еркін қойма" режимі шеңберінде импортталатын тауарларға ҚҚС-ға жеңілдіктер	
Арнайы экономикалық аймақ (АЭА) шеңберінде импортталатын тауарларға ҚҚС-ға жеңілдіктер	
Арнайы экономикалық аймақ (АЭА) шеңберінде корпоративтік салық бойынша жеңілдіктер	
Арнайы экономикалық аймақ (АЭА) шеңберінде мүлік салығы бойынша жеңілдіктер	
Арнайы экономикалық аймақ (АЭА) шеңберінде жер салығы бойынша жеңілдіктер	

Ескертпе:

* - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі хабарламалар нысанын осы кестеге сәйкес толтырады.

Қазақстан Республикасының орталық
атқарушы мемлекеттік органдарының,
Қазақстан Республикасының
Президентіне
тікелей бағынатын және есеп беретін
Қазақстан Республикасының мемлекеттік
органдарының Еуразиялық
экономикалық
комиссиямен өзара іс-қимыл
қағидаларына
7-қосымша

6-кесте * – Кедендік жеңілдіктер

Бағдарламаның атауы	20__ жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде жеңілдіктер көлемі, мың теңге
Инвестициялық келісімшарттар шеңберінде кедендік баждар салудан босату (2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 287-бабы)	
"Еркін қойма" режимі шеңберінде кедендік баждарды төлеуден босату	
Арнайы экономикалық аймақ (АЭА) шеңберінде кедендік баждарды төлеуден босату	

Ескертпе:

* - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі хабарламалар нысанын осы кестеге сәйкес толтырады.

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы мемлекеттік органдарының,
Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл қағидаларына
8-қосымша

7-кесте * – Дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру)

Бағдарламаның атауы**	20__ жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде жіберілген қаражат көлемі, мың теңге	ЭҚЖЖ коды
Дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру бағдарламасы шеңберінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялау		

Ескертпе:

* - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі хабарламалар нысанын осы кестеге сәйкес толтырады;

** - өнеркәсіптік қолдау шаралары туралы ақпаратты ЭҚЖЖ кодтары 05-бөлімнен басталып 33-бөліммен аяқталатын (ЭҚЖЖ бөлімдері 05-33) салалардың ғана қаржыландыру көлемін көрсете отырып ұсыну керек

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы мемлекеттік органдарының,
Қазақстан Республикасының

Президентіне
тікелей бағынатын және есеп беретін
Қазақстан Республикасының мемлекеттік
органдарының Еуразиялық
экономикалық
комиссиямен өзара іс-қимыл
қағидаларына
9-қосымша

8-кесте * – Экономиканың нақты секторына кредит беру

Бағдарламаның атауы**	20__ жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде	
	қаржыландыру көлемі, мың теңге	
"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының қатысуымен инвестициялық жобаларды қаржыландыру		
"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының қатысуымен экспорттық операцияларды қаржыландыру		
"Өнімділік 2020" бағдарламасы шеңберінде лизингтік қаржыландыру		

Ескертпе:

* - "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ хабарламалар нысанын осы кестеге сәйкес толтырады;

** - өнеркәсіптік қолдау шаралары турлы ақпаратты ЭҚЖЖ кодтары 05-бөлімнен басталып 33-бөліммен аяқталатын салалардың ғана қаржыландыру көлемін көрсете отырып тапсыру керек (ЭҚЖЖ бөлімдері 05-33).

Қазақстан Республикасының орталық
атқарушы мемлекеттік органдарының,
Қазақстан Республикасының
Президентіне
тікелей бағынатын және есеп беретін
Қазақстан Республикасының мемлекеттік
органдарының Еуразиялық
экономикалық
комиссиямен өзара іс-қимыл
қағидаларына
10-қосымша

9-кесте * – Инновациялық гранттар беру

Бағдарламаның атауы**	20__ жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде	
	грант алушылар саны, бірл.	жалпы көлемі, мың теңге
Технологияларды коммерцияландыру		
Салаларды технологиялық дамыту		
Кәсіпорындарды технологиялық дамыту		

Ескертпе:

* - Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі хабарламалар нысанын осы кестеге сәйкес толтырады;

** - өнеркәсіптік қолдау шаралары турлы ақпаратты ЭҚЖЖ кодтары 05-бөлімнен басталып 33-бөліммен аяқталатын салалардың ғана қаржыландыру көлемін көрсете отырып тапсыру керек (ЭҚЖЖ бөлімдері 05-33).

Қазақстан Республикасының орталық
атқарушы мемлекеттік органдарының,
Қазақстан Республикасының
Президентіне
тікелей бағынатын және есеп беретін
Қазақстан Республикасының мемлекеттік
органдарының Еуразиялық
экономикалық
комиссиямен өзара іс-қимыл
қағидаларына
11-қосымша

10-кесте * – Ішкі нарықтағы қолдау

Бағдарламаның атауы**	20__ жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде	
	жобалар саны, бірл.	қаржыландыру көлемі, мың тенге
Индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу немесе сараптау үшін тартылған консалтингтік ұйымдардың көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу		
Отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету		

Ескертпе:

* - Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі хабарламалар нысанын осы кестеге сәйкес толтырады;

** - өнеркәсіптік қолдау шаралары туралы ақпаратты ЭҚЖЖ кодтары 05-бөлімнен басталып 33-бөліммен аяқталатын (ЭҚЖЖ бөлімдері 05-33) салалардың ғана қаржыландыру көлемін көрсете отырып ұсыну керек.

Қазақстан Республикасының орталық
атқарушы мемлекеттік органдарының,
Қазақстан Республикасының
Президентіне
тікелей бағынатын және есеп беретін
Қазақстан Республикасының мемлекеттік
органдарының Еуразиялық
экономикалық
комиссиямен өзара іс-қимыл
қағидаларына
12-қосымша

11-кесте * – Отандық өңделген тауарларды, көрсетілетін қызметтерді дамыту және экспортын ілгерілету

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу **:	20__ жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде қаржыландыру көлемі, мың теңге
Сыртқы нарықта нақты өнімді, көрсетілетін қызметтерді ілгерілетуге (брендинг) және өткізуге байланысты шығындар	
Шетелге экспорттау мақсатында тауар белгілерін тіркеуге және өнімдерді сертификаттауға байланысты рәсімдерді өткізу шығындары	
Шетелде экспортты басқару саласында жұмыспен қамтылған қызметкерлерді оқыту, сондай-ақ индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері болып табылатын кәсіпорындарға шетелдік сарапшы консультанттарды шақыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу шығындары	
Франшизалар тарту	
Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің интернет-ресурсын ашу және іске қосу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығындар	
Маркетингтік зерттеулер жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу шығындары	

Ескертпе:

* - Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі хабарламалар нысанын осы кестеге сәйкес толтырады;

** - өнеркәсіптік қолдау шаралары туралы ақпаратты ЭҚЖЖ кодтары 05-бөлімнен басталып 33-бөліммен аяқталатын (ЭҚЖЖ бөлімдері 05-33) салалардың ғана қаржыландыру көлемін көрсете отырып ұсыну керек.

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы мемлекеттік органдарының,
Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл қағидаларына 13-қосымша

12-кесте * – Инвестицияларды мемлекеттік қолдау

Бағдарламаның атауы**	20__ жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде қаржыландыру көлемі, мың теңге **
Инвестициялық жобалар шеңберінде импортқа кедендік баждар мен ҚҚС салудан босату	

Инвестициялық жобалар шеңберіндегі мемлекеттік заттай гранттар	
Инвестициялық басым жобалар шеңберіндегі салықтар бойынша преференциялар	
Инвестициялық басым жобалар шеңберіндегі инвестициялық субсидиялар	
Инвестициялық стратегиялық жобаларға арналған инвестициялық преференциялар	

Ескертпе:

* - Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі хабарламалар нысанын осы кестеге сәйкес толтырады;

** - өнеркәсіптік қолдау шаралары туралы ақпаратты ЭҚЖЖ кодтары 05-бөлімнен басталып 33-бөліммен аяқталатын (ЭҚЖЖ бөлімдері 05-33) салалардың ғана қаржыландыру көлемін көрсете отырып ұсыну керек.